

## Жергілікті уәкілетті органдарда жергілікті бюджеттерді атқарудың бухгалтерлік есебі жөніндегі Нұсқаулықты бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Қазынашылық Департаменті 1998 жылғы 24 маусымдағы N 288 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1998 жылғы 28 тамызда тіркелді. Тіркеу N 590. Күші жойылды - ҚР Қаржы министрінің 2004 жылғы 14 желтоқсандағы N 445 (V043338) бұйрығымен.

1. Қоса беріліп отырған Жергілікті уәкілетті органдарда жергілікті бюджеттерді атқарудың бухгалтерлік есебі жөніндегі Нұсқаулық бекітілсін.

*Ескерту: Атауына және 1-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы министрінің 2003 жылғы 18 желтоқсандағы N 430 бұйрығымен .*

2. "Қаржы органдарында жергілікті бюджеттерді атқарудың бухгалтерлік есебі жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің 1992 жылғы 1 маусымдағы N 24 бұйрығының күші жойылсын деп танылсын.

*Б а с ш ы н ы ң            м і н д е т і н*

*атқарушысы*

Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы  
Қ а р ж ы                      м и н и с т р л і г і н і ң  
1 9 9 8                      ж ы л ғ ы                      2 4                      м а у с ы м ы н д а ғ ы  
N 288 бұйрығымен бекітілген

**Қаржы органдарында жергілікті бюджеттерді  
атқарудың бухгалтерлік есебі жөніндегі  
Нұсқаулық**

*Ескерту: Нұсқаулықтың барлық мәтіні бойынша көпше түрде, сол сияқты жекеше түрде де барлық септеулерде қолданылатын "бюджеттік ұйымдар", "ұйымдар" деген сөздер ауыстырылатын сөзінің септеуіне және жекеше, көпше түріне тиісінше "мемлекеттік мекемелер" деген сөздермен ауыстырылды;*

*Нұсқаулықтың барлық мәтіні бойынша барлық септеулерде қолданылатын "Қазынашылықтың облыстық (Алматы қаласы) басқармасы", "жеке шоты" деген сөздер ауыстырылатын сөзінің септеуіне тиісінше "Қазынашылықтың облыстық, Астана және Алматы қалалық басқармасы", "бюджеттік шоты" деген сөздермен а у ы с т ы р ы л д ы ;*

*Нұсқаулықтың барлық мәтіні бойынша "Қазынашылық органдары" деген*

сөздер "Қазынашылықтың аумақтық органдары" деген сөздермен ауыстырылды;

Нұсқаулықтың барлық мәтіні бойынша "жалпы мемлекеттік салықтар мен кірістерден және басқа да төлемдерден", "жалпы мемлекеттік салықтар мен кірістерден және басқа да төлемдерден", "жалпы мемлекеттік кірістер мен салықтарды", деген сөздер ауыстырылатын сөзінің септеуіне тиісінше "салықтар, алымдар мен бюджетке төленетін міндетті төлемдер" деген сөздермен ауыстырылды - ҚР Қаржы министрлігі 1999 жылғы 25 маусым N 323 б ұ й р ы ғ ы м е н .

Бүкіл мәтін бойынша: "қаржы органдары", "қаржы органының", "қаржы органдарына", "қаржы органдарында", "қаржы органдарының", "қаржы органының", "қаржылық орган", "қаржы органдарындағы", "қаржы органына", "қаржы органында", "қаржы басқармасының", "қаржы басқармаларының", "қаржы бөлімдерінің", "қаржылық басқармаларының" деген сөздер "жергілікті уәкілетті органдар", "жергілікті уәкілетті органның", "жергілікті уәкілетті органдарға", "жергілікті уәкілетті органдарда", "жергілікті уәкілетті органдардың", "жергілікті уәкілетті орган", "жергілікті уәкілетті органдардағы", "жергілікті уәкілетті органға" деген сөздермен; "қаржылық рұқсаттар", "қаржылық рұқсатты", "қаржылық рұқсат", "қаржы рұқсатын", "қаржы рұқсатының" деген сөздер "рұқсаттар", "рұқсатты", "рұқсат", "рұқсаттың" деген сөздермен; "бюджет кірістері мен шығыстарының жылдық тізімдемесі", "бюджеттің жылдық жазбасы" деген сөздер "жергілікті бюджет бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспары" деген сөздермен; "сметасының", "бюджет бойынша шығыстар сметасының", "шығыстар сметасының" деген сөздер "қаржыландыру жоспарының" деген сөздермен; "лимиттерге басты билік етушілердің", "лимиттерді бас таратушының", "лимиттердің әрбір бас таратушысы", "лимиттердің бас таратушыларынан", "қаржыландыру лимиттерін таратушысы", "лимиттерді таратушыларға", "лимиттердің бас таратушысына", "лимиттерді таратушылардың", "лимиттердің бас таратушысының" деген сөздер "бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің", "бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің", "бюджеттік бағдарламалар әкімшісі", "бюджеттік бағдарламалардың әкімшілерінен", "бюджеттік бағдарламалар әкімшісі", "бюджеттік бағдарламалар әкімшілеріне", "бюджеттік бағдарламалар әкімшісіне" деген сөздермен ауыстырылды және "(қарыз ақша)", "(қарыз ақшалар)", "(қарыз ақшаларды)", "(қарыз ақшаға)" деген сөздер алынып тасталды - ҚР Қаржы министрінің 2003 жылғы 18 желтоқсандағы N 430 бұйрығымен .

## **1. Бухгалтерлік есепті ұйымдастыру**

### **Жалпы ережелер**

1. Жергілікті уәкілетті органдар облыстық, қалалық және аудандық бюджеттерді және арнайы экономикалық аймақтар бюджеттерін атқарудың бухгалтерлік есебін осы Нұсқаулыққа сәйкес жүргізеді.

Бухгалтерлік есепті ұйымдастыруға тиісті жергілікті уәкілетті органның басшысы жауап береді. Басшы бухгалтерлік есепті дұрыс жүргізуге және есепке қатысы бар барлық бөлімдердің және қызметкерлердің бухгалтерлік құжаттарды және мәліметтерді есепке алуды ресімдеу және тапсыру тәртібі бөлігінде бас бухгалтердің талаптарын мүлтіксіз орындауды қамтамасыз етуге қажетті жағдайлар жасауға міндетті.

Облыстық (Астана қаласы, Алматы қаласы) жергілікті уәкілетті органның бас бухгалтеріне жергілікті бюджеттерді атқарудың бухгалтерлік есебін жүргізудің қолданылып жүрген тәртібі бойынша төмен тұрған жергілікті уәкілетті органдарына дұрыс консультативтік көмек көрсетуге жауапкершілік жүктеледі.

2. Бухгалтерлік қызметтің басшылары өз қызметінде Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 26 желтоқсандағы N 2732 Заңын, белгіленген тәртіппен бекітілген бухгалтерлік есеп және есеп беру (бухгалтерлік қызметтер) басқармалары (бөлімдері) туралы Ережелерді және Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік құқықтық актілерін басшылыққа алады.

*Ескерту: 2-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы министрінің 2003 жылғы 18 желтоқсандағы N 430 бұйрығымен.*

3. Облыстық және қалалық (республикалық маңызы бар қалалар және республиканың астанасы) жергілікті уәкілетті органдарының бухгалтерлік есеп және есеп беру бөлімі төмен тұрған жергілікті уәкілетті органдарында, бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің орталықтандырылған бухгалтерияларда және бухгалтерлік есепті дербес жүргізетін оларға бағынысты мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есепті ұйымдастыру және жүргізу тәртібі және есеп беруді жасау мәселелері бойынша нұсқау береді және бақылауды жүзеге асырады. < \* >

Аудандық және қалалық жергілікті уәкілетті органдарының бухгалтериялары төмен тұрған жергілікті атқарушы органдарда, мемлекеттік мекемелерде және тиісті бюджеттерде тұратын ұйымдардың орталықтандырылған бухгалтерияларында бухгалтерлік есеп және есеп беру мәселелері бойынша нұсқау беруді және бақылауды ұйымдастыруды жүзеге асырады. Бухгалтерлік есеп және есеп берудің жай-күйін дүркін-дүркін жүзеге асырады, сондай-ақ облыстық қалалық (республикалық маңызы бар қалалар), аудандық, қалалық әкімдердің және тиісті жергілікті уәкілетті органдары басшыларының шешімдері бойынша облыстық, қалалық (республикалық маңызы бар қалалар) жергілікті уәкілетті органдарының аудандық, қалалық жергілікті уәкілетті органдарының басқа да қызметкерлерімен бірлесе отырып, селолық, ауылдық және поселкелік

әкімшіліктер және жергілікті бюджетте тұратын бюджеттік қаржыландыру жоспарының атқарылуына тексеріс жүргізуге қатысады.

*Ескерту: 3-тармақ өзгертілді - ҚР Қаржы министрлігінің 1999 жылғы 25 маусым N 323 бұйрығымен .*

4. Қаржы органының бас бухгалтері жергілікті уәкілетті органдарының барлық бюджетті атқару жөніндегі жүзеге асыратын операцияларын бухгалтерлік есептің шоттарында көрсетуді және бақылау жасауды, жедел ақпараттарды беруді, белгіленген мерзімде бухгалтерлік есеп беруді жасауды қамтамасыз етеді.

Қаржы органының бас бухгалтері қызметіне арнаулы білімі бар адамдар тағайындалады .

Бас бухгалтерді жұмыстан босатқан кезде жергілікті уәкілетті органының басшысы бекітетін тиісті актіні құрып бухгалтерлік есеп жағдайымен беру мәліметтерінің дұрыстығын тексеру жүргізілетін жаңа тағайындалған бас бухгалтерге ісін тапсыру жүргізіледі.

5. Қаржы органының бас бухгалтері заңға қайшы келетін және қаржы тәртібін бұзатын операциялар бойынша құжаттарды орындауға қабылдауға және ресімдеуге тыйым салынады.

6. Бухгалтерлік есепті жүргізген кезде бас бухгалтер бухгалтерия қызметкерлері үшін әр қызметкер өзінің міндеттерін білуі және олардың орындалуына жауапкершілік жүктеуі үшін қызметтік міндеттемелер белгілейді.

Материалдық жауапты тұлғаларды қызметке тағайындау, қызметтен босату және ауыстыру бас бухгалтердің келісімімен жүргізіледі.

Бас бухгалтерге жүктелген міндеттерді жүзеге асыру үшін оған бухгалтерлік есеп пен бақылау үшін қажетті барлық құжаттар: түсімдердің жиынтық жоспарына өзгерістер енгізу туралы анықтамалар, міндеттемелер (төлемдер) жөніндегі қаржыландырудың жиынтық жоспарына өзгерістер енгізу туралы анықтамалар ай сайынғы бөлік бойынша жергілікті бюджет бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспары, бұйрықтар, рұқсаттар, өкімдер және бюджеттің атқарылуына байланысты басқа да құжаттар уақытылы берілуі тиіс.

Қажетті бухгалтерлік құжаттар мен мәліметтерді бухгалтерияға ресімдеу мен беру тәртібі бөлігінде бас бухгалтердің талаптары барлық жергілікті уәкілетті органдарының қызметкерлері үшін міндетті болып табылады.

*Ескерту: 6-тармақ толықтырылды, өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы министрлігінің 1999 жылғы 25 маусымдағы N 323 бұйрығымен , 2003 жылғы 18 желтоқсандағы N 430 бұйрығымен .*

#### **Бухгалтерлік есептің құжаттары**

7. Бюджеттің атқарылуы жөніндегі бухгалтерлік қызметпен есептелетін жергілікті уәкілетті органының барлық операциялары осы нұсқаулықта

белгіленген құжаттармен ресімделуі тиіс.

Жергілікті уәкілетті органдарында бюджеттің атқарылуымен байланысты бухгалтерлік құжаттарға жергілікті уәкілетті органының басшысы немесе оның орынбасары және бас бухгалтер, ал бас бухгалтер болмаған (еңбек демалысында болған, ауырған, іс сапарға кеткен және т.б.) жағдайда, бухгалтерлік есепті жүзеге асыратын уәкілетті тұлға қол қояды. Бұл қолдарсыз бухгалтерлік құжаттар жарамсыз деп саналады және орындауға қабылданбайды. Құжаттарға ондағы қажетті реквизиттерді толтырмай қол қоюға тыйым салынады.

8. Қаржы органында бюджетті атқаруға байланысты операциялардың барлық жазбасы үшін мынадай тиісті ресімделген бастапқы құжаттар негіз болып т а б ы л а д ы :

әр айға бөлінген жергілікті бюджет бойынша қаржыландырудың жиынтық ж о с п а р ы ;

түсімдердің жиынтық жоспарына өзгерістер енгізу туралы анықтама;  
міндеттемелер (төлемдер) жөніндегі қаржыландырудың жиынтық жоспарына өзгерістер енгізу туралы анықтама;

р ұ қ с а т т а р ;

төлем тапсырмалары (0401002 - нысан);

бюджетке кірістердің түсуінің күн сайынғы пысықтама ведомосы немесе ақы төлеуге шот (041 - нысан);

кірістерді қайтарудың күн сайынғы ведомосы (041-В - нысан);

салықтар мен кірістер есебінің күн сайынғы ведомосы (041-З - нысан);

бюджетке кірістердің түсуінің ай сайынғы ведомосы (042 - нысан);

мемориалдық ордер (N 274 - нысан);

жергілікті бюджетте тұратын ұйымдардың шығыстары бойынша күн сайынғы жиынтық ведомосы (151-С - нысан);

жергілікті бюджетте тұратын ұйымдардың шығыстары бойынша ай сайынғы жиынтық ведомосы (151-С - нысан);

қаржыландыру жоспарының атқарылуы туралы бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің кезеңдік және жылдық есебі;

жергілікті бюджеттің бюджеттік шотынан (негізгі) Қазынашылық органының көшірмелері (015 - нысан);

бос қалдықтардың қозғалысы бойынша ведомостар (115 - нысан);

жергілікті уәкілетті органдарының бюджеттік шоттарындағы қаражаттардың бос қалдығы туралы Қазынашылық органдарының жиынтық ведомосы (116 - нысан) және бюджеттің атқарылуына байланысты басқа да құжаттар;

алынған міндеттемелерді ескере отырып, бөлінген лимиттер мен кассалық шығыстар қозғалысының ведомосы (N 132-Б - н.)

Бастапқы құжаттарды ресімдеу тәртібі тиісті тармақшалардың мәтіні

б о й ы н ш а

ж а з ы л ғ а н .

Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан Қазынашылықтың аумақтық органдары Қазынашылықтың біріктірілген ақпараттық жүйесінде ( бұдан әрі - ҚБАЖ) жұмыс істейтін жергілікті уәкілетті органдар үшін:

түсімдерді жинау жөніндегі күн сайынғы есеп (N 2-15 н.);  
жылдың басынан бастап түсімдерді жинау жөніндегі есеп (N 2-16 н.);  
түсімдерді күн сайын бөлу тізімдемесі (N 2-19 н.);  
бюджеттен түсімдерді салық төлеушілерге қайтару (N 2-29 н.);  
кірістердің бюджеттік сыныптамасының кодтары арасында түсімдердің  
а у ы с у ы ( N 2 - 3 0 н . ) ;  
салық органдары арасында түсімдердің ауысуы (N 2-31 н.);  
шығыстар бойынша жиынтық есеп (N 4-20 н.).

*Ескерту: 8-тармаққа толықтыру енгізілді - ҚР Қаржы министрлігінің 1999 жылғы 25 маусымдағы N 323 бұйрығымен , 2003 жылғы 18 желтоқсандағы N 430 бұйрығымен .*

9. Бухгалтерлік құжаттардағы жазбалар оларда жазбалардың ұзақ уақыт бойы сақталуын қамтамасыз ететіндей құралдармен ғана жүргізілуі тиіс.

10. Бухгалтерлік есептің регистрларындағы жазбаларға бюджетті атқару жөніндегі операциялардың жасалу фактісін тіркейтін құжаттар негіз болып  
т а б ы л а д ы .

Бастапқы құжаттар, егер ол операциялар тікелей аяқталғаннан кейін мүмкін болмайтын жағдайда операциялар жасалған сәтте жасалуы тиіс.

Бастапқы құжаттарда мәтін бөлігінде болсын, сандық деректерде болсын тазартулар мен келісілмеген түзетулерге жол берілмейді. Құжаттардағы қателіктер дұрыс емес мәтінді немесе соманы сызып тастау және сызып тасталғанның үстіне дұрыс мәтінді немесе соманы жазу арқылы түзетіледі. Сызып тастау бұрынғы жазғанды оқуға мүмкіндік болатындай етіп жіңішке сызықпен жүргізіледі. Құжаттағы қателерді түзету түзеткен күнді көрсете отырып, құжатта қол қойған адамның қолымен расталуы тиіс.

Кассалық және банктік құжаттарда түзетулерге жол берілмейді.

Осы талаптарға жауап бермейтін құжаттар жарамсыз деп саналады.

11. Бухгалтерияға келіп түскен бастапқы құжаттар нысанына қарай болсын ( бастапқы құжаттардың ресімделуінің, реквизиттердің толтырылуының толық болуы және дұрыстығы), сондай-ақ мазмұнына қарай болсын, міндетті түрде тексеріледі. Құжаттардағы мәліметтердің ақиқаттығына және бастапқы құжаттарды сапалы жасауға осы құжаттарды орындаған және қол қойған адамдар жауап береді.

12. Тексерілген және есепке қабылданған құжаттар операциялар жасалған күн бойынша жүйеленеді және бір күнгі барлық операциялар бойынша мемориалдық

ордермен (N 274 - нысан) ресімделеді.

Мемориалдық ордерлер операциялардың жасалуына қарай толтырылады, бірақ құжаттар алынғаннан кейінгі келесі күннен кешіктірілмеуі тиіс және оларға бас бухгалтер қол қояды.

Мемориалдық ордерлер есеп регистрларында жазба жасағанға дейін әрбір ай үшін жеке-жеке бірінші нөмірден бастап рет тәртібімен нөмірленеді.

### **Бухгалтерлік регистрлер**

13. Жергілікті бюджеттердің атқарылуына байланысты операциялардың бухгалтерлік есебі мынадай есеп регистрлерінде жүргізіледі:

Бас журнал кітабы (N 1-ф - нысан);

Кірістер кітабы (N 5-ф - нысан);

Алдағы жылға бухгалтерлік кітаптарды және басқа да құжаттар әрбір жергілікті уәкілетті органында ағымдағы жылдың 31 желтоқсанынан кешіктірілмей әзірленуі тиіс.

*Ескерту: 13-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы министрлігінің 1999 жылғы 25 маусымдағы N 323 бұйрығымен, 2003 жылғы 18 желтоқсандағы N 430 бұйрығымен.*

14. Бухгалтерлік кітаптарда жазба басталғанға дейін барлық беттер (парақтар) нөмірленеді. Соңғы бетте (парақта) бас бухгалтердің қолымен "Осы кітапта барлығы \_\_\_\_\_ бет (парақ) нөмірленген" деген жазу жазылады.

Әр кітапта жергілікті уәкілетті органының атауы және кітаптың ашылған жылы жазылады. "Бас журнал" кітабынан (N 1-ф - нысан) басқа, барлық кітаптарда оларда ашылған шоттардың атауы, ал кірістер кітабында тиісті бюджетке кірістері түсетін бюджеттік сыныптама кодының атауы болуы тиіс.

15. Бухгалтерлік есептің регистрлеріндегі жазбалар ұқыпты, боялмай және түзетулерсіз, қосымша жазуларсыз, сондай-ақ жол тастамай, жолдардың үстінен және астынан жазылған қосымша жазуларсыз толтырылуы керек.

Бухгалтерлік есептің регистрлеріндегі жазбалар бастапқы құжаттардан қаламсаппен немесе жазу машиналарының және механизация құралдарының, компьютерлік техниканың көмегімен операция жүргізілгеннен кейінгі күннен кешіктірілмей жүргізіледі.

16. Операциялардың жазбалары "Бас журнал" кітабына (N 1-ф - нысан) және мемориалдық ордерлердің және оған қоса берілген құжаттардың негізінде осы нұсқаулықта көзделген талдамалы есептің регистрлерінде жүргізіледі.

17. Әр ай аяқталған соң жинақтамалы және талдамалы есептің шоттары бойынша бухгалтерлік есептің дұрыстығын бақылау үшін N 040 шотты қоспағанда, тиісті жинақтамалы шотпен біріктіретін талдамалы шоттардың әр тобы бойынша айналым ведомостары жасалады.

Дебет пен кредит бойынша жиындар және талдамалы шоттар бойынша

айналым ведомостарында көрсетілген қалдықтар "Бас журнал" кітабының (N 1-ф - нысан) айналым жиындарымен және жинақтамалы шоттардың қалдықтарымен салыстырылады.

"Бас журнал" кітабында (N 1-ф - нысан) және айналым ведомостарында келтірілген сомалардың қалдықтары бухгалтерлік балансты жасауға негіз болып табылады.

18. Ағымдағы жылға арналған бюджеттің атқарылуының бухгалтерлік есебінің жазбаларындағы қателерді түзету мынадай тәртіпте жүргізіледі:

а) мемориалдық ордерлердің мәліметтерінің өзгеруін талап етпейтін бухгалтерлік балансты ұсынған сәтке дейінгі есепті кезең ішінде байқалған қателер қате сомаларды сызылғандарды оқуға мүмкіндік болатындай мәтінді жіңішке сызықпен сызу жолымен түзетіледі және сызып тасталғанның үстіне дұрыс мәтін мен сома жазылады. Әр түзету бас бухгалтердің қолымен расталады;

б) мемориалдық ордердегі қатеден туындаған бухгалтерлік балансты берген сәтке дейін байқалған қате жазба оның сипатына қарай қосымша мемориалдық ордермен немесе "Қызыл түзетпе" тәсілімен түзетіледі. Қателер, сондай-ақ бухгалтерлік есеп жазбаларында байқалған барлық жағдайларда баланс ұсынылған есепті кезең үшін түзетіледі.

Қателерді түзету бойынша қосымша бухгалтерлік жазбалар, сондай-ақ "Қызыл түзетпе" тәсілімен жасалған түзетулер әдеттегі реквизиттерден басқа, осы мемориалдық ордермен түзетілетін мемориалдық ордердің нөмірі мен күніне сілтеме жасалатын мемориалдық ордерлермен ресімделеді.

19. Есепті жыл аяқталған соң және қорытынды баланс жасаудың алдында бухгалтерлік есеп кітаптарында әрбір жинақтамалы және талдамалы шот бойынша айналымдардың жиыны есепке алынады және салыстырылады және осы шоттар бойынша қалдықтар шығарылады.

20. Жаңа қаржы жылында жинақтамалы және талдамалы шоттар бойынша бухгалтерлік регистрлерде өткен жылғы есептік регистрлердің ақырғы баланстары мен жазбаларына толық сәйкестендіріліп жыл басындағы қалдық сомалар жазылады.

Егер жоғары тұрған жергілікті уәкілетті орган жылдық есепті қараған кезде қорытынды балансқа түзету жасаса, онда жазбаша көрсетудің негізінде бұл түзетулер өткен жылдың регистріне енгізілгені сияқты (бухгалтерлік жазбаның түзетілу жолымен) және ағымдағы жылдың регистріне (енгізетін қалдықтардың өзгеру жолымен) енгізіледі.

**Бастапқы құжаттарды, бухгалтерлік есеп пен бухгалтерлік есептемені сақтау**



21. Әрбір есепті ай аяқталған соң барлық мемориалдық ордерлер оған қатысты құжаттармен бірге хронологиялық тәртіпте реттеледі және кітапша жасалады. Құжаттардың саны аз болған жағдайда кітапшаны үш айдағыны бір папкаға жүргізуге болады.

Кітаптың сыртында мыналар жазылады:

- а) жергілікті уәкілетті органының атауы;
- б) папканың (іс-қағаздың) атауы мен реттік нөмірі;
- в) есепті кезең - жылы мен айы;
- г) мемориалдық ордерлердің бастапқы және соңғы нөмірі;
- д) іс-қағаздағы парақ саны.

22. Бастапқы құжаттардың, есеп регистрлердің, бухгалтерлік есептер мен баланстардың сақталуына, ресімделуі мен олардың архивке берілуін бас бухгалтер қамтамасыз етеді.

Бастапқы құжаттар, есеп регистрлері, айналым ведомостары, бухгалтерлік есептер мен баланстар архивке берілгенге дейін бухгалтерияда арнайы бөлмелерде немесе жабылатын шкафтарда бас бухгалтердің немесе ол тағайындаған тұлғаның жауапкершілігінде болады.

Ағымдағы қаржы жылына арналған бухгалтерлік құжаттар мен регистрлер өткен жылғы құжаттар мен регистрлерден бөлек, бұл ретте бухгалтерлік құжаттардың, регистрлердің және есептердің сақталу мерзімін қадағалай отырып сақталуы тиіс.

23. Бастапқы құжаттар жоғалған немесе жойылған жағдайда жергілікті уәкілетті органының басшысы бұйрықпен жоғалу немесе жойылу себептерін қызметтік тексеру жөнінде комиссия тағайындайды.

Қажет болған жағдайда комиссия жұмысына қатысу үшін тергеу, қорғау және мемлекеттік өрт қадағалау органдарының өкілдері шақырылады.

Комиссия жұмысының нәтижелері комиссия мүшелері қол қоятын актімен ресімделеді және оны жергілікті уәкілетті органының басшысы бекітеді.

## **2. Жергілікті уәкілетті органдарындағы бухгалтерлік есеп шоттарының жоспары, шоттардың мазмұны мен сипаты**

24. Жергілікті уәкілетті органдары жергілікті бюджеттердің атқарылуы жөніндегі операциялардың бухгалтерлік есебі үшін мынадай шоттар-жоспарын қолданады:

---

Бірінші реттегі шоттардың шифрлары	Бірінші реттегі	Екінші реттегі шоттардың атауы	Жетіспеушіліктер жөніндегі есеп айырысу шоттардың шифрлары
------------------------------------	-----------------	--------------------------------	------------------------------------------------------------

---

01	Ақшалай қаражаттар	011	Жергілікті бюджеттің бюджеттік шоты (негізгі)
			019 Жолдағы сомалары
02	Шығыстар	020	Жергілікті бюджет шығыстары
04	Кірістер	040	Жергілікті бюджет кірістері
		043	Жергілікті бюджеттер уақытша пайдаланылған түсімдер
05	Берілген және алынған бюджеттік несиелер (қарыздар)	051	Қазақстан Республикасының республикалық бюджетінен алынған бюджеттік несиелер
		052	(қарыздар) Жергілікті бюджеттерден берілген және алынған бюджеттік несиелер (қарыздар)
06	Есеп айырысулар	061	Қазақстан Республикасының республикалық бюджетімен өзара есеп айырысулар
09	Нәтижелері	090	Бюджеттің атқарылу нәтижелері
			Баланстан тысқары шоттар
		120	Банктен алынған ұзақ мерзімді несиелер (қарыздар)
		140	бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің шығыстар үшін ашқан лимиттері
		150	Облыстық бюджеттен алынған бюджеттік несиелер (қарыздар)
		160	Қалалық (аудандық маңыздағы қалалық) және аудандық бюджеттен алынған бюджеттік несиелер (қарыздар)

*Ескерту: 24-тармақта кестеге өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы министрлігінің 2003 жылғы 18 желтоқсандағы N 430 бұйрығымен .*

**Жергілікті бюджеттердің атқарылуы жөніндегі операциялардың есебі**  
**"Ақшалай қаражаттар" N 01 шоты**  
**"Жергілікті бюджеттің бюджеттік шоты (негізгі)" N 11 шоты**

25. N 011 "Жергілікті бюджеттің бюджеттік (арнайы) шоты" шотына мыналар

:

мыналардан :

салық, алымдар мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің түсімінен ;

салыққа жатпайтын түсімдерден;

капиталмен жасалатын операциялардан алынған кірістерден;

мыналардан :

жоғары тұрған және төмен тұрған бюджеттерден алынған ресми трансферттерден ;

Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан түсетін мақсатты трансферттерден ;

жергілікті бюджеттен берілген кредиттерді қайтарудан тұратын жергілікті бюджеттердің кірістері есептеледі.

N 011 "Жергілікті бюджеттің бюджеттік (арнайы) шоты" шотынан:

мыналарды :

жергілікті деңгейде мектепке дейінгі, бастауыш жалпы, негізгі жалпы білім беруді, сондай-ақ орташа жалпы, орташа кәсіби және қосымша білім беруді;

жергілікті деңгейде арнайы білім беру бағдарламаларын;

әскери қызметке тіркеу және шақыру жөніндегі іс-шараларды;

жергілікті деңгейде төтенше жағдайлар жөніндегі жұмыстарды;

жергілікті деңгейде құқық қорғау қызметін;

жергілікті деңгейде кепілдендірілген тегін медициналық көмектің көлемін;

жергілікті деңгейде денсаулық сақтау саласындағы бағдарламаларды;

заң актілеріне сәйкес жергілікті бюджеттен арнайы мемлекеттік жәрдемақылар алатын азаматтардың санаттарына осы жәрдемақыны;

жергілікті деңгейде әлеуметтік қамсыздандыру жөніндегі іс-шараларды және атаулы әлеуметтік көмекті;

еңбекпен қамту бағдарламасын;

тұрғын үй көмегін көрсетуді;

мемлекеттік тұрғын үй қорын сақтауды ұйымдастыруды;

Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес азаматтардың жекелеген санаттарын тұрғын үймен қамтамасыз етуді;

Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес мемлекеттік қажеттілік үшін тұрғын үй мен жер учаскелерін алып қоюды;

Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес апатты және тозығы жеткен тұрғын үйді бұзуға;

Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес республиканың сейсмоқауіпті аймақтарында орналасқан тұрғын үйлердің сейсмотұрақтылығын

қолдауға бағытталған іс-шараларды;  
жергілікті деңгейде мәдениет, спорт және ақпарат саласындағы қызметті;  
жергілікті деңгейде өнеркәсіпті, көлік пен объектілердің құрылысын;  
жергілікті атқарушы органдар жүргізетін қоршаған ортаны қорғау жөніндегі  
іс - ш а р а л а р д ы ;  
жергілікті деңгейде жобалау-ізвестіру жұмыстарын жүргізуді;  
елді мекендерді абаттандыруды, елді мекендердің жолдары мен көшелерін  
п а й д а л а н у д ы және с а л у д ы ;  
жергілікті маңызы бар жолдарды пайдалануды, салуды және қайта жаңартуды  
;

халықты ауыз сумен қамтамасыз ету және сарқынды суларды тазарту  
ж ө н і н д е г і іс - ш а р а л а р д ы ;

Қазақстан Республикасында шағын кәсіпкерлікті дамыту және қолдау  
б а ғ д а р л а м а л а р ы н ;

жоғары тұрған бюджетке төмен тұрған бюджеттерден және төмен тұрған  
бюджеттерге жоғары тұрған бюджеттен берілетін ресми трансферттерді;  
жергілікті бюджеттерден Қазақстан Республикасының Ұлттық қорына  
берілетін ресми трансферттерді;

жергілікті атқарушы органдардың борышына қызмет көрсетуді;

Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан берілетін мақсатты  
трансферттердің есебінен іске асырылатын өзге бюджеттік бағдарламаларды  
қаржыландыруға жергілікті бюджеттердің қаражатын жұмсау жүргізіледі.

Жеке тұлғаларға жергілікті бюджеттерге артық немесе қате енгізілген салық,  
алымдар мен міндетті төлемдерді қайтару жағдайларын қоспағанда, жергілікті  
бюджеттің бюджеттік шотынан (негізгі) қолма-қол ақша беруге жол берілмейді.

Бөлуге қол жетімді қаражаттың бос қалдықтары туралы ақпаратты алу үшін  
Қазынашылықтың банктік автоматтандырылған жүйесінде (бұдан әрі - ҚБАЖ)  
жұмыс істейтін Қазынашылықтың аумақтық органдарынан тиісті жергілікті  
уәкілетті органдар алатын күн сайынғы 115 "Бос қалдықтың қозғалысы жөніндегі  
ведомость" нысанын және облыстық, Алматы қаласының жергілікті уәкілетті  
органдары 116 "Жергілікті уәкілетті органдардың шоттарындағы бос  
қалдықтардың жиынтық ведомосы" нысанын пайдалану қажет.

*Ескерту: 25-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Қаржы министрлігінің  
1999 жылғы 25 маусымдағы N 323 бұйрығымен , 2003 жылғы 18  
желтоқсандағы N 430 бұйрығымен .*

#### **"Жолдағы сомалар" N 119 шоты**

26. N 119 шотта айдың аяғында бір жергілікті уәкілетті органының екінші  
жергілікті уәкілетті органына бөлген, бірақ осы жергілікті бюджеттің шотына  
келесі айда түскен сомалар, сондай-ақ қазынашылық аумақтық органдарының

облыстық бюджеттің қосалқы шоттарынан аударылған салықтар, алымдар мен бюджетке төленетін міндетті төлемдер бөлінген және келесі айда жергілікті бюджет шотына түскен сомалар есепке алынады.

Облыстық бюджеттің қосалқы шоттары жұмыс шарттары бойынша операцияларды облыстық Қазынашылық басқармасы арқылы жүзеге асыруға болмайтын болған жағдайда ғана ашылады.

Жолдағы сомалар жергілікті бюджеттердің қаражаттары аударылған бюджеттің орындалу балансы бойынша N 119 шотында көрсетіледі.

## **" Ш ы ғ ы с т а р "                    N                    0 2                    ш о т ы**

### **"Жергілікті бюджеттің шығыстары"**

27. N 020 шотында Қазынашылық аумақтық органдарының есептері негізінде жергілікті бюджеттердің кассалық шығыстары есептеледі.

Жергілікті бюджеттердің шоттарынан жүргізілген кассалық шығыстарды есепке алу үшін қазынашылық аумақтық органдарында N 130, 132 баланс шоттарында жергілікті бюджеттер шығыстарының бақылау шоттары ашылған.

Әрбір жергілікті уәкілетті органға Қазынашылықтың аумақтық органдарында жергілікті уәкілетті органдар тікелей жүргізген субвенция, бюджеттік несиелер ( қарыздар), т.б. сияқты, шығыстарды есепке алу үшін N 130, 132 бюджеттік шоты а ш ы л ғ а н .

Әрбір операциялық күннің соңында жергілікті бюджеттер жасаған шығыстар жергілікті бюджеттердің шоттарына беріліп, сонда көрсетіледі.

N 130, 132 баланс шоттарының жергілікті бюджеттегі бюджеттік ұйымдардың жеке шоттары бойынша күні бойы жүргізілген барлық операциялары жергілікті бюджеттегі шығыстар жөніндегі н. 151 - С күнделікті жиынтық ведомоста белгіленеді, онда шығыстар бір күнгі бюджеттік сыныптаманың барлық кодтары бойынша және жыл басынан бергі өсу қорытындысымен көрсетіледі.

Жергілікті уәкілетті органдар жергілікті бюджеттердің шоттарынан тікелей жүргізген бюджеттік бағдарламалар әкімшісі бойынша кассалық шығыстардың есебі бюджеттік сыныптаманың барлық кодтары бойынша жүргізіледі.

есепті айдан кейінгі айдың әрбір 1-күніне ҚБАЖ жүйесінде жұмыс істейтін Қазынашылықтың аумақтық органдары жергілікті уәкілетті органдарына:

"Алынған міндеттемелерді ескере отырып, бөлінген лимиттер мен кассалық шығыстар қозғалысының ведомосы" N 132-Б нысанын;

"Жергілікті бюджеттің кассалық шығыстары бойынша ай сайынғы ведомосы" N 152 - нысанын;

"Жергілікті бюджеттердің шығыстары бойынша ай сайынғы жиынтық ведомость" N 152-С - нысанын;

"Мемлекеттік мекемелер бойынша жергілікті бюджеттердің шотындағы

қаражаттар қалдығының ведомосы" N 074 - нысанын;

"Екінші тәртіптегі бюджеттік шоттардағы шығыс қалдықтардың ведомосы" N 096 - нысанын береді.

ҚБАЖ жүйесінде жұмыс істейтін Қазынашылықтың аумақтық органдары жергілікті уәкілетті органдарға:

N 4-20 "Шығыстар жөніндегі жиынтық есеп" нысанын;

N 5-20 "Банктік шоттан көшірме" нысанын береді.

бюджеттік бағдарламалардың әкімшілерінен айлық есептерді алғаннан кейін жергілікті уәкілетті органдар оларды тексереді. Кассалық шығыстар туралы деректер жылдың басынан әрбір ұйым бойынша өсу көрсеткіштерімен бірге Қазынашылық аумақтық органдардың "Жергілікті бюджеттердің екінші қатардағы бюджеттік шоттардағы шығыстар қалдықтарының ведомосы" н. 074 немесе "Екінші қатардағы бюджеттік шоттардағы шығыстар қалдықтарының ведомосы" н. 096 есептерінен алынады.<\*>

*Ескерту: 27-тармаққа өзгерту және толықтыру енгізілді - ҚР Қаржы министрлігінің 1999 жылғы 25 маусымдағы N 323 бұйрығымен, 2003 жылғы 18 желтоқсандағы N 430 бұйрығымен.*

## **" К і р і с т е р " N 0 4 ш о т ы**

### **"Жергілікті бюджеттің кірістері" N 040 шоты**

28. N 040 шотында Қазынашылық аумақтық органдарына келіп түскен жергілікті бюджеттің барлық кірістері, сондай-ақ бюджеттің кірісіне артық келіп түскен сомалардың қайтарылуы жазылады.

Бюджеттің кірістері бойынша жергілікті уәкілетті органдар жергілікті бюджеттердің шотына аударылған өткен жылғы бюджеттік қаражаттардың қалдықтарын көрсетеді.

Республикалық және жергілікті бюджеттер арасында кірістерді бөлу "Бюджет жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының Заңында және басқа заң актілерінде белгіленген нормативтерге сәйкес жүргізіледі.

Облыстық уәкілетті органдар облыстық бюджет пен аудандар (қалалар) бюджеттерінің арасында кірістерді бөлу нормативтерін мәслихат сессиясында облыстық бюджетті бекіткеннен кейін ведомость түрінде облыстық Қазынашылық басқармаларына береді. Егер тиісті қаржы жылы басталғанға дейін облыстық бюджеттер бекітілмеген жағдайда онда бөлу алдыңғы қаржы жылына арналған облыстық бюджет туралы мәслихат шешімінде белгіленген кірістерді бөлу нормативтері бойынша жүргізіледі.

Қазынашылықтың аумақтық органы кірістерді бөлу нормативтері бойынша облыс бюджетіне түсетін іс жүзіндегі түсімдерді облыстық бюджет пен аудандар (қалалар) бюджеттерінің арасында бөлуді жүргізеді.

Мәслихаттың шешіміне сәйкес облыстық бюджет пен аудандар (қалалар)

бюджеттері арасында кірістерді бөлу нормативтерін өзгерткен кезде Қазынашылықтың облыстық басқармасы нормативтік-құқықтық анықтамаға кейіннен өзгерістер енгізу үшін облыстық уәкілетті орган ведомостка өзгерістер е н г і з е д і .

Қаржы жылының ішінде кірістерді облыстық бюджет пен аудандар (қалалар) бюджеттері арасында кірістерді бөлу нормативтері өзгерген жағдайда кірістерді жергілікті бюджеттер деңгейлері арасында қайта есептеу қаржы жылының б а с ы н а н б а с т а п жүргізіледі.

Аумақтық салық органдары арасында артық төленген, қате немесе бюджетке дұрыс емес түскен соманы қайтару, бюджет кірістері сыныптамасының бір кодынан екіншісіне ауыстыру Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі белгілеген тәртіппен аумақтық салық органдарының қорытындысы мен төлем құжатының негізінде жүргізіледі.

Қазынашылық аумақтық органдар күн сайын облыстық, қалалық және аудандық бюджеттердің шоттарына кірістерді енгізеді және әрбір айдың біріне дейінгі жергілікті бюджеттердің бухгалтерлік есебі жөніндегі деректер Қазынашылық органдары тапсырған "Кірістердің жергілікті бюджеттерге түсуінің ай сайынғы ведомосы" н. 042 немесе "Түсімдерді күн сайын бөлу ведомосы" N 219 нысанының есептерге сәйкес келуі тиіс.

Жергілікті бюджеттер кірістерінің есебін жергілікті уәкілетті органның бухгалтериясы бюджеттік сыныптаманың барлық кодтары бойынша жүргізеді. Мемлекеттік салықтар мен басқа да міндетті төлемдердің барлық түсімдері N 000080к00 транзиттік шоты арқылы жергілікті бюджеттердің шоттарына енгізіледі. Жергілікті бюджеттерге төлемдерді аударған кезде төлеушілер төлем парақтарында бюджеттің атауын, төлемнің атауын көрсетеді және кірістердің бюджеттік сыныптамасының алты таңбалы коды міндетті түрде қойылады.

Кодтар "Төлемнің мақсаты" деген, мәтінге арналған орынның шеңберіндегі төлем парағының нысанына (0401002) былайша қойылады: мұнда 1 саны - санат, 2 саны - сынып, 1 саны - ішкі сынып, 2 саны - ерекшелік.

Облыстық және аудандық бюджеттердің кірістері Қазынашылықтың бұл бюджеттерге тікелей қызмет көрсетпейтін органдарына түссе, мұндай жағдайларда, бұл кірістер осы бюджеттің қаражаттары есепке алынатын екінші қатардағы баланс шотында ашылатын тиісті бюджеттің қосалқы шотына е н г і з і л е д і .

Барлық банкаралық құжаттарды және салықтар, алымдар мен бюджетке төленетін міндетті төлемдер таратудың нәтижелерін қабылдап, енгізгеннен кейін ҚБАЖ жүйесінде жұмыс істейтін Қазынашылық органдары бюджеттік сыныптама кірістерінің кодтары бойынша кірістер жөнінде (041 н., 042 н.) күнделікті, айлық және жылдық есептерді АҚБЖ жүйесінде жұмыс істейтіндер (

№ 2-15 н., № 2-16, № 2-19 н.) жасайды.

Кірістердің шоттары бойынша жазбалар үшін негіздеме болып жергілікті уәкілетті органдары бюджеттік шоттардың көшірмелерімен бірге тапсыратын, Қазынашылық органдардың бюджеттік сыныптамасының барлық кодтары бойынша кірістердің бюджетке түсуінің н. 41 немесе н. № 2-19 күнделікті есептер с а н а л а д ы .

Күн сайын кірістер туралы анықтамаға бір күнде жергілікті бюджеттің шотына келіп түскен кірістердің жалпы сомасы бюджеттік сыныптаманың әрбір коды бойынша жазылады, ал одан кейін кірістер кітабына (н.№ 5-ф) бөлу жүргізіледі .

*Ескерту: 28-тармаққа өзгерту және толықтырулар енгізілді - ҚР Қаржы министрлігінің 1999 жылғы 25 маусымдағы № 323 бұйрығымен , 2003 жылғы 18 желтоқсандағы № 430 бұйрығымен .*

29. Жергілікті уәкілетті органдар қайтарылған кірістердің сомаларына " Бюджеттің кірістері" № 040 шоттың дебеті бойынша жазба жүргізіледі.

ҚБАЖ жүйесінде жұмыс істейтін Қазынашылық аумақтық органдары жергілікті уәкілетті органдарға нысандар бойынша салықтар мен кірістердің мынадай қайтарылу ведомостарын береді:

"Салықтарды төлеушіге қайтарудың күнделікті ведомосы" н.041В;

"Салықтарды есепке алудың күнделікті ведомосы" н.041З;

АҚБЖ жүйесінде жұмыс істейтін Қазынашылықтың аумақтық органдары жергілікті уәкілетті органдарға:

н. № 2-29 "Бюджеттен түсімдерді салық төлеушілерге қайтару";

н. № 2-30 "кірістердің бюджеттік сыныптамасының кодтары арасында түсімдерді ауыстыру ;

н. № 2-31 "Салық комитеттері арасында түсімдерді ауыстыру.

*Ескерту: 29-тармаққа өзгерту және толықтырулар енгізілді - ҚР Қаржы министрлігінің 2003 жылғы 18 желтоқсандағы № 430 бұйрығымен .*

30. Ай біткеннен кейін салық органдары бюджеттік сыныптама кірістерінің барлық кодтары бойынша бір айдағы кірістер мен қайтарылымдар жөнінде салыстыру жүргізеді және салыстыру актісін жасайды. Бұл актіде көрсетілген деректер кірістер кітабының (н.05-Ф) деректерімен салыстырылады және оны жергілікті уәкілетті органның бухгалтериясы жергілікті бюджеттердің орындалуы туралы есептерде пайдаланады.

**"Жергілікті бюджеттің уақытша пайдаланатын түсімдер" № 043 шоты**

31. Осы шотта бюджет жүйесі туралы заңға сәйкес жергілікті атқарушы органдардың қарыз алу қаражатының түсімі жөніндегі операциялар есептеледі.

Бұл шоттың кредиті бойынша қарыз алу қаражатын қайтарудан келіп түскен



сомалар енгізіледі және "Жергілікті бюджеттің бюджеттік шоты (негізгі)" N 11 шоты дебеттеледі. N 043 шоттың дебетіне қарыз алу қаражатын қайтару сомалары жатқызылады.

*Ескерту: 31-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Қаржы министрлігінің 2003 жылғы 18 желтоқсандағы N 430 бұйрығымен.*

**"Берілген және алынған бюджеттік несиелер (қарыздар)" N 05 шоты "Қазақстан Республикасының республикалық бюджетінен алынған бюджеттік несиелер (қарыздар)" N 051 шоты**

32. N 051 шотта облыстардың, Астана және Алматы қалаларының жергілікті атқарушы органдарының республикалық бюджеттен алған бюджеттік кредиттері ескеріледі. Кассалық алшақтықты жабуға республикалық бюджеттен облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне (облыстық бюджеттерден аудандардың (қалалардың) бюджеттеріне) бөлінген кредиттерді белгіленген мерзімде өтемеген жағдайда бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган (облыс әкімі) бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган анықтайтын тәртіппен өтелмеген борыштың сомасын есептен шығаруды жүзеге асыру үшін тиісті жергілікті бюджеттің ағымдағы шоттары бойынша барлық шығыс операцияларын тоқтатуға құқықты.

Бюджеттік несиелер бойынша берешектерді жабу үшін жергілікті бюджеттерден шығарылған сомалар N 051 шотының дебетіне жатқызылады.

*Ескерту: 32-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Қаржы министрлігінің 2003 жылғы 18 желтоқсандағы N 430 бұйрығымен.*

**"Жергілікті бюджеттерден берілген және алынған бюджеттік несиелер (қарыздар)" N 052 шоты**

33. N 052 шотта кассалық алшақтықты жабуға облыстық бюджеттер аудандардың (қалалардың) бюджеттеріне берген бюджеттік кредиттер ескеріледі.

Қалалардағы аудандарды қоспағанда, қалалардың (аудандық маңызы бар қалалардан басқа) жергілікті атқарушы органдары кассалық алшақтықты жабуға облыстық бюджеттен ғана қарыз алуға құқықты. Кассалық алшақтықты жабуға қарыз алу қаржы жылының шегінде алты айға дейінгі мерзімге жүзеге асырылады.

Берілген кредиттердің уақытында өтелуіне бақылауды жоғары тұрған жергілікті уәкілетті орган жүзеге асырады.

Төмен тұрған бюджеттерге берілген бюджеттік несиелер (қарыздар) - N 052 шотының дебетіне, ал жоғары тұрған бюджеттен алынған сомалар - осы шоттың

к р е д и т і н е ж а т қ ы з ы л а д ы .

Төмен тұрған бюджеттерден бюджеттік несиелер (қарыздар) бойынша берешектерді жабуға түскен сомалар - N 052 шотының кредитіне, ал бюджеттік несиелер (қарыздар) жөніндегі берешектерді жабу үшін жоғары тұрған бюджетке аударылған сомалар - осы шоттың дебетіне жатқызылады.

*Ескерту: 33-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Қаржы министрлігінің 1999 жылғы 25 маусымдағы N 323 бұйрығымен , 2003 жылғы 18 желтоқсандағы N 430 бұйрығымен .*

**" Е с е п а й ы р ы с у " N 0 6 ш о т ы**

**Жетіспеушіліктер жөніндегі есептеулер N 061 шоты**

34. Осы шотта белгіленген тәртіппен өтеуге жататын жетіспеушіліктердің, ақша қаражатын ұрлау сомасы есептеледі.

N 061 шоттың дебетіне жергілікті бюджеттің бюджеттік шотында анықталған жетіспеушіліктердің, ақша қаражатын ұрлау сомасы жатқызылады, бұл ретте N 061 "Жергілікті бюджеттің бюджеттік (негізгі) шоты" шотына кредит беріледі.

Жергілікті бюджеттің шығыстарына жетіспеушіліктердің, ақша қаражатын тонаудың анықталған сомасын есептен шығару кезінде N 020 "Жергілікті бюджеттің шығыстары" шотының дебеті және N 061 шотының кредиті бойынша ж а з б а ж ү р г і з і л е д і .

*Ескерту: 34-тармаққа өзгерту енгізілді, жаңа редакцияда жазылды - ҚР Қаржы министрлігінің 1999 жылғы 25 маусымдағы N 323 бұйрығымен , 2003 жылғы 18 желтоқсандағы N 430 бұйрығымен .*

3 5 - 4 5 . < \* >

*Ескерту: 35-45-тармақтар алынып тасталды - ҚР Қаржы министрлігінің 2003 жылғы 18 желтоқсандағы N 430 бұйрығымен .*

**"Қазақстан Республикасының республикалық бюджетімен өзара есеп айырысу" N 061 шоты**

*Ескерту: N 061 шоты , 46-тармақ алынып тасталды - ҚР Қаржы министрлігінің 2003 жылғы 18 желтоқсандағы N 430 бұйрығымен .*

**"Жергілікті бюджеттермен өзара есеп айырысулар" N 062 шоты**

*Ескерту: N 062 шоты , 47-тармақ алынып тасталды - ҚР Қаржы министрлігінің 2003 жылғы 18 желтоқсандағы N 430 бұйрығымен .*

**"Берілген және алынған қаражаттар" N 07 шоты**

*Ескерту: N 07 шоты , 48-тармақ алынып тасталды - ҚР Қаржы министрлігінің 2003 жылғы 18 желтоқсандағы N 430 бұйрығымен .*

**"Қазақстан Республикасының республикалық бюджетінен берілген және алынған қаражаттар" N 071 шоты**

*Ескерту: N 071 шоты , 49-тармақ алынып тасталды - ҚР Қаржы министрлігінің 2003 жылғы 18 желтоқсандағы N 430 бұйрығымен .*

**"Жергілікті бюджеттерден берілген және алынған қаражаттар" N 072 шоты**

*Ескерту: N 072 шоты , 50-51-тармақтар алынып тасталды - ҚР Қаржы министрлігінің 2003 жылғы 18 желтоқсандағы N 430 бұйрығымен .*

**"Нәтижелер" N 09 шоты**

52. Қаржылық жыл аяқталған соң жергілікті уәкілетті органның бухгалтериясы жылдық есепті жасар алдында барлық баланс шоттары деректерінің дұрыстығын, бюджеттік несиелер бойынша (қарыздар) есеп айырысулардың және жәй-күйі тексеріледі. Берілген бюджеттік несиелер (қарыздар) бойынша есептер қаржылық жыл біткенге дейін аяқталуы керек. Есеп айырысу шоттары бойынша жаңа қаржылық жылдың басында сомалардың қалдықтары болмауға тиіс.<\*>

Ағымдағы есептің шоттарын қорытқанға дейін бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің тексерілген есептері және Қазынашылық аумақтық органдары жергілікті бюджеттің шығыстары бойынша әзірленген ведомостарының негізінде бюджеттің барлық шығыстарын (Қазынашылық аумақтық органдарының қорытынды айналыстары бойынша шығыстарды қоса) N 020 шотының дебетіне есептен шығару үшін бухгалтерлік жазбалар жасалуы керек.

Бюджеттердің және бюджеттік несиелердің (қарыздардың) арасында жөніндегі борыштарды бюджеттің орындалу нәтижелерімен есептен шығаруға ж о л б е р і л м е й д і .

*Ескерту: 52-тармақтың бірінші абзацы өзгертілді - ҚР Қаржы министрлігінің 1999 жылғы 25 маусымдағы N 323 бұйрығымен , 2003 жылғы 18 желтоқсандағы N 430 бұйрығымен .*

**"Бюджеттің орындалу нәтижелері" N 090 шоты**

53. N 090 шоты жергілікті бюджеттердің атқарылуы нәтижелерін анықтауға арналған. Қаржы жылы аяқталғаннан кейін осы шотта кірістер мен шығыстардың сомасы көрсетіледі. Нәтижелер жылдың аяғында N 090 шоттың кредитіне N 040 "Бюджет кірістері" шоты бойынша қалдықты, N 090 шоттың дебетіне N 020 "Бюджет шығыстары" шоты бойынша қалдықты есептен шығару жолымен а н ы қ т а л а д ы .

Бюджеттің кірістері мен шығыстарын "Бюджеттің орындалу нәтижелері" шотына есептен шығарғаннан кейін "Бюджет кірістері", "Бюджет шығыстары" ш о т т а р ы ж а б ы л а д ы .

N 090 "Бюджеттің орындалу нәтижелері" шоты бойынша алынған кредиттік қалдық жергілікті бюджетті орындау нәтижелері болып табылады, ол бюджетке

жатқызылған қаражат бөлігінде N 011, 019 баланс шоттары бойынша қалдықтарға сәйкес келуі тиіс.

Барлық бухгалтерлік жазбаларды жүргізгеннен кейін қорытынды айналымдарға дейін және кейін баланс жасалады.

*Ескерту: 53-тармақ өзгертілді, жаңа редакцияда жазылды - ҚР Қаржы министрлігінің 1999 жылғы 25 маусымдағы N 323 бұйрығымен, 2003 жылғы 18 желтоқсандағы N 430 бұйрығымен.*

54. Жаңа қаржылық жылда бюджет бекітілгеннен кейін "Бюджеттің орындалу нәтижелер" N 090 шотынан тиісті бюджетті орындау барысында пайда болған, есепті жылдың қосымша шығыстарын жабу үшін бюджетте қарастырылған, жыл басындағы бюджеттік қаражаттардың еркін қалдығының сомасы есептен шығарылады, мұнда "Бюджеттің кірістері" N 040 шоты кредиттеледі.

Бюджет қаражаттарының еркін қалдықтары "Бюджеттің орындалу нәтижелері" N 090 шотында қалады және жоғары тұрған бюджетке алуға болмайды.

Бюджет қаражатының қалдықтары, қаржы жылының басындағы бюджет қаражатының қалдықтары қаржы жылының ішінде жергілікті атқарушы органдардың негізгі борышын өтеуге пайдаланылуы мүмкін.

Ағымдағы қаржы жылында жергілікті атқарушы органдардың борышын өтеу жөніндегі міндеттемелер болмаған жағдайда бюджет қаражатының қалдықтары мәслихаттың жергілікті бюджетті нақтылау туралы шешімінің негізінде жергілікті бюджеттік бағдарламаларды қаржыландыруға бағытталуы мүмкін.

*Ескерту: 54-тармақ өзгертілді - ҚР Қаржы министрлігінің 2003 жылғы 18 желтоқсандағы N 430 бұйрығымен.*

5 5 . < \* >

*Ескерту: 55-тармақ алынып тасталды - ҚР Қаржы министрлігінің 2003 жылғы 18 желтоқсандағы N 430 бұйрығымен.*

### **Баланстан тыс шоттар**

56. Баланстан тысқары банктерден алынған ұзақ мерзімді несиелерді (қарыздарды), облыстық, қалалық және аудандық бюджеттерден алынған бюджеттік несиелерді (қарыздарды), жергілікті бюджеттер бойынша ашылған лимиттерді есепке алу үшін шоттар ашылады.

### **"Банктен алынған ұзақ мерзімді несиелер (қарыздар)" N 120 баланстан тысқары шоты**

57. N 120 шотында жергілікті бюджеттердің ұзақ мерзімді мемлекеттік бағдарламаларды орындау үшін бұрын берілген ұзақ мерзімді несиелер (қарыздар) бойынша банкке берешегі есептеледі.

Ұзақ мерзімді несиелер (қарыздар) бойынша берешекті бюджет қаражаттарының есебінен жапқан кезде жабылған сомалар, оларды "Банктен алынған ұзақ мерзімді несиелер (қарыздар)" N 120 баланстан тысқары шоты

бойынша жазылуынан тыс, тиісті бюджеттің орындалу есебінде дебет бойынша "Бюджеттің шығыстары" N 020 шотының дебеті бойынша және "Жергілікті бюджеттің бюджеттік шоты (негізгі)" N 011 шотының кредиті бойынша көрсетілуге тиіс.

Ұзақ мерзімді несиелер (қарыздар) бойынша төленген проценттер мен "Банктен алынған ұзақ мерзімді несиелер (қарыздар)" N 120 баланстан тысқары шоты бойынша мерзімі өткен төлемдер көрсетілмейді, тиісті бюджеттің шығыстарына "Бюджеттің шығыстары" N 020 шоты бойынша есептен шығарылады.

### **"Лимиттердің бас таратушысының шығыстарға ашқан лимиттері" N 140 баланстан тысқары шоты**

58. N 140 шотында жергілікті бюджеттердің лимиттердің бас таратушысының шығыстарға рұқсаттар бойынша ашылған лимиттердің сомалары есептеледі.

### **"Облыстық, қалалық және аудандық бюджеттерден алынған бюджеттік несиелер (қарыздар)" N 150, 160 баланстан тысқары шоты**

59. N 150, 160 шотында тиісті бюджеттерден қайтарымды негізде берілген және алынған бюджеттік несиелер, сондай-ақ ұйымдарға берілген, бюджеттік несиелер (қарыздар) бойынша жабылған берешектердің сомалары есептеледі.

### **3. Алғашқы құжаттарды рәсімдеудің тәртібі Жергілікті бюджеттерге түскен кірістер туралы анықтама (N 3 нысан)**

60. Жергілікті бюджеттің шотына түсетін кірістер туралы анықтаманы жергілікті уәкілетті органның бухгалтериясы күн сайын "АҚБЖ" жүйесінде жұмыс істейтін Қазынашылық аумақтық органдарының көшірмесіне қосымша берілген барлық есептердің негізінде мынадай нысандар бойынша жасайды:

041-Р нысаны "Бюджетке түсетін кірістердің күнделікті дайындық ведомосы"

;

041В нысаны "Кірістер қайтарымының күнделікті ведомосы";

0413 нысаны "Салықтарды есепке алудың күнделікті ведомосы".

"АҚБЖ жүйесінде жұмыс істейтін Қазынашылықтың аумақтық органдары":

N 2-15 "Түсімдерді жинау жөніндегі күн сайынғы есеп" нысаны;

N 2-29 "Бюджеттен түсімдерді салық төлеушілерге қайтару" нысаны;

N 2-30 "Кірістердің бюджеттік сыныптамасының кодтары арасында түсімдерді ауыстыру" нысаны;

N 2-31 "Салық комитеттері арасында түсімдерді ауыстыру" нысаны.

Анықтамада бюджеттік сыныптаманың кодтары (санаты, сыныбы, сыныпшасы, ерекшелігі), кірістердің атауы және төлемнің әрбір түрінің сомасы

к ө р с е т і л е д і .

Кірістердің жалпы сомасына қажетті шоттардың деректері бір күнде бюджеттің орындалуы жөніндегі барлық операцияларға жасалатын мемориалдық ордерде көрсетіледі.

Түскен кірістер туралы анықтама жергілікті уәкілетті орган бухгалтериясының іс-қағаздарына мемориалдық ордермен жергілікті бюджет шотынан алынған көшірмемен және басқа да құжаттармен бірге тігіледі.

*Ескерту: 60-тармақ өзгертілді, толықтырылды - ҚР Қаржы министрлігінің 2003 жылғы 18 желтоқсандағы N 430 бұйрығымен .*

### **Рұқсат**

*Ескерту: Тараудың атауы өзгертілді - ҚР Қаржы министрлігінің 2003 жылғы 18 желтоқсандағы N 430 бұйрығымен .*

61. Жергілікті уәкілетті орган Қазақстан Республикасының Үкіметі анықтайтын тәртіппен және нысан бойынша бюджеттік бағдарламалардың әкімшілеріне рұқсаттар береді.

Әрбір ұйымға жергілікті бюджеттің мемлекеттік мекемелері әзірлеген анықтамаға сәйкес жеке жеті таңбалы код беріледі.

Қаржы рұқсатын толтыру кезінде мыналарға сүйену керек.

Алдыңғы жеті цифр ұйымдар берген кодты білдіреді және бөлшек арқылы қаржы рұқсатының реттік нөмірі қойылады.

1-бағанға шығындарды жүргізуге рұқсат етілген бюджет жіктелім көрсеткіштері (ұйым-үш белгі, бағдарлама-үш белгі, қосымша бағдарлама, ерекшелік-үш белгі) толтырылады.

2-бағанға жылға рұқсат етілген жоспарланған сома көрсетіледі. Бұл сома сметадағы осы ерекшелік бойынша бекітілген сомаға сәйкес болуы тиіс.

3-бағанға соңғы рұқсатқа дейінгі берілген алдын ала рұқсаттың сомасы көрсетіледі. Осы баған үстіміздегі жылы берілген бірінші рұқсатта толтырылмайды. Осы баған кейінгі рұқсатта алдағы рұқсаттың 5-бағандағы сомасына теңестіріледі.

4-баған белгілі мерзімге арналған ағымдағы рұқсаттың сомасын көрсетеді. Осы сома алғашқы рұқсат берілген кезде және жыл басынан рұқсат етілген сома (5-баған) тепе-тең болады.

5-баған жыл басында рұқсаттар сомасын көрсетеді.

Пайдаланылмаған лимиттердің қалдығы кезінде лимиттерді қайта қарау рұқсат етіледі.

Қаржы рұқсаты мына жағдайда толтырылады: 4-баған теріс немесе қолайлы белгімен аударылатын сомалар көрсетіледі, осыған сәйкес 5-баған сомасы өзгереді.

Рұқсатты қайыра алу кезінде пайдаланылмаған лимиттің қалдығы аясында 4-

бағандағы (ағымды рұқсат) теріс сомаға жаңа қаржы рұқсаты беріледі.

Рұқсат жазылған әрбір біткен парақ бойынша бағандағы шығарылған қорытынды жауапты орындаушының қолымен расталуы тиіс. Соңғы парақта мынадай текс жазылады: "Қаржы рұқсаты (парақтардың саны цифрмен және жазумен көрсетіледі) 5-бағандағы (сома цифрмен және жазумен көрсетіледі) жалпы сомаға берілгені жазылады".

Одан әрі осы рұқсатты берген жауапты орындаушының қолы, құрылымдық бөлімше басшысының қолы және жергілікті уәкілетті органының басшысының қ о л ы ж ү р е д і .

*Ескерту: 61-тармақ өзгертілді - ҚР Қаржы министрлігінің 2003 жылғы 18 желтоқсандағы N 430 бұйрығымен .*

**Қаржы рұқсаты (1ЖББ-СУБВ нысаны немесе 1ЖБЕ-СУБВ нысаны)**

6 2 . < \* >

*Ескерту: Тарау және 62-тармақ алынып тасталды - ҚР Қаржы министрлігінің 2003 жылғы 18 желтоқсандағы N 430 бұйрығымен*

**Төлем тапсырысы (N 0401002 нысаны)**

63. Төлем тапсырысын қаржы рұқсаты негізінде жергілікті уәкілетті органының бухгалтериясы толтырады. Субвенция, бюджет несиелерін (кредит), сомасын аудару, сонымен қатар Ұлы Отан соғысының мүгедектеріне, қатысушыларына және азаматтардың кейбір категорияларына берілген жеңілдіктер (N 0401002 нысаны) және қызмет көрсетуге байланысты шығындарды қайтару үшін төлем тапсырысы қолданылады. Тапсырыс үш дана етіп рәсімделеді және Қазынашылық аумақтық органдарына беріледі. Төлем тапсырысында "Төлемді белгілеу" тексі деңгейіндегі бюджет кірісінің алты санды коды немесе шығындар бойынша бюджеттік сыныптаманың он санды к о д ы к ө р с е т і л е д і .

Төлем тапсырысы оларды Қазынашылық аумақтық органдарына жіберер алдында төлем тапсырысын тіркейтін журналға жыл басынан тиісті ретпен жергілікті уәкілетті органының бухгалтериясымен нөмірленеді.

Қазақстан Республикасының Қазынашылықтың аумақтық органдары АҚБЖ жүйесінде жұмыс істейтін аумағында төлем тапсырмасының орнына Қазақстан Республикасының Үкіметі анықтаған тәртіппен ақы төлеуге шот пайдаланылады.

*Ескерту: 63-тармақ өзгертілді, толықтырылды - ҚР Қаржы министрлігінің 2003 жылғы 18 желтоқсандағы N 430 бұйрығымен .*

**Өзара есеп-айырысу (N 11-нысан) бойынша хабарлау**

*Ескерту: Тарау және 64-тармақ алынып тасталды - ҚР Қаржы министрлігінің 2003 жылғы 18 желтоқсандағы N 430 бұйрығымен .*

**Бухгалтерлік есеп регистріне жазулар**

65. "Бас-журнал" (N 1-н-нысан) кітабы. Бұл кітапта жергілікті бюджеттердің атқарылу есебінің екінші реті шоты бойынша хронологиялық және үнемі жазулар б і р і к т і р е д і .

Жаңа қаржы жылына арналған кітапты ашу кезінде өткен жыл үшін қорытынды балансына сәйкес шоттар бойынша қалған сомалар бірінші жолға жазылады. Баланс активінің сомасы дебетке, ал пассив сомасы тиісті шот кітабының несиесіне жазылады.

Жыл басынан екінші реттің жеке шоттары бойынша жыл басындағы қалдықтар талдамалы есеп регистріне жыл басындағы жазуларға сәйкес болуы т и і с .

Күн сайын мемориалдық ордер және соған тіркелген құжаттар негізінде операциялар жазбалары жүргізіледі. Мемориалдық ордердің жалпы сомасы бастапқыда "Мемориалдық ордер бойынша сомасы" бағанына, содан соң бір-бірнеше шоттарда дебетке бөлек және несие бағанына бөлек жазылады.

"Бас-журнал" кітабына операциялары жазылғаннан кейін талдамалық есептің тиісті регистріне жазулар жүргізіледі.

"Бас-журнал" кітабында ай ішіндегі айналымдардың жалпы қорытындысын санайды және алдағы айдың басына барлық дебеттік немесе несиелік шоттары бойынша қалдықтар шығарылады. Сондықтан, ай ішінде айналымдар сомасы сонымен қатар барлық айналымдар сомасына немесе барлық шоттардың несие жөніндегі қалдықтарға бара бар тең болуға тиіс. Барлық шоттар бойынша ай ішінде айналымдар сомасы дебет бойынша да несие бойынша да "мемориалды ордер бойынша сома" бағаны бойынша қорытындысына тең болуы тиіс.

*Ескерту: 65-тармақ өзгертілді - ҚР Қаржы министрлігінің 2003 жылғы 18 желтоқсандағы N 430 бұйрығымен .*

*Ескерту: 66-тармақ алынып тасталынды - ҚР Қаржы министрлігінің 1999 жылғы 25 маусымдағы N 323 бұйрығымен .*

**Басқа бюджеттермен есеп айырысу кітабы (N 4-нысан)**

*Ескерту: Тарау және 67-тармақ алынып тасталды - ҚР Қаржы министрлігінің 2003 жылғы 18 желтоқсандағы N 430 бұйрығымен .*

**Кіріс кітабы (N 5-н нысан)**

68. Бұл кітапта жергілікті бюджетке түскен кіріс есептеледі (N 040 шоты).

Бұл кітаптың "Тақырыбы" бөлімінде осы бюджетке түсетін бюджеттік



сыныптаманың барлық коды санамаланады, яғни айтқанда санаты, сыныбы, ішкі сыныбы, ерекшелігі, жергілікті бюджетке ол бойынша кіріс түсетін бюджеттік бөлімшенің атауы және сол немесе басқа кіріс коды үшін берілген кітап жолдарының нөмірі көрсетіледі.

Талдау есебі әр кіріс коды бойынша жеке жүргізіледі.

Жазбалар жазбаға қосымша берілген Қазынашылықтың аумақтық органдарының есебі негізінде мемориальдық ордердің әзірленуіне орай жасалады және N 5-н нысаны кітабына әр кіріс кітабы үшін белгіленген тиісті жол бойынша "Несие" бағанына жазылады.

Қате немесе артық түскен кіріс хронологиялық тәртіпте мемориальдық ордер нөмірі, санаты, сыныбы, ішкі сыныбы, ерекшелігі, сомасы көрсетілетін, бұл үшін белгіленген "Дебет" бағанына жазылады. Ай аяқталғаннан кейін бұл операцияларды жүйелеу қайтару жасау жүргізілген кіріс кодтарының біртектілік белгілері бойынша жүргізіледі және әр код бойынша қайтарылған кірістің жалпы сомалары дебет бойынша "Ай қорытындысы" бағанына тиісті жол бойынша жазылады, одан кейін N 04 "Бюджет кірісі" шоты бойынша жыл басынан бері және тұтастай алғанда ағымдағы ай үшін кірістің әр коды бойынша қорытындысы шығарылады.

Қайтарылған сома кірістің бұл коды бойынша жыл басынан бергі түсімнен артса, мұндай жағдайда пайда болған кері қалдық "Жыл басынан бергі қалдық" бағанына қызыл сиямен жазылады.

Кітаптың бір бетіндегі жол саны кірістің жекелеген кодтары бойынша ай ішіндегі операцияларды жазу үшін жеткілікті болмаса кітаптың келесі беттері пайдаланылады.

Жергілікті уәкілетті органдарында  
жергілікті бюджеттердің атқарылуының  
бухгалтерлік есебі жөніндегі  
Қазақстан Республикасы  
Қаржы министрлігінің  
1998 жылғы 24 маусымдағы N 288  
бұйрығымен бекітілген нұсқаулыққа

N 1-қосымша

*Ескерту: N 1 қосымша өзгертілді, толықтырылды - ҚР Қаржы министрлігінің 2003 жылғы 18 желтоқсандағы N 430 бұйрығымен.*

N 274-нысан

Мемориальдық ордер \_\_\_\_\_  
19 жылғы " " \_\_\_\_\_ жазба

---

Негіздеме (құжатқа Шоттың дебеті Кодтар Шоттың Кодтары Сомасы

сілтеме жасау немесе бойынша  
жазбаның мазмұны)

кредиті  
бойынша

Қосымша \_\_\_\_\_ бет

Бас бухгалтер \_\_\_\_\_ қолы  
N 3-нысан

(Қаржы органының атауы)

199 жылғы \_\_\_\_\_

**бюджет есебіне түсетін кірістер туралы**

**Анықтама**

Бюджеттік сыныптама коды			Кірістердің		Сомасы
-----			-----		атауы
Санат	Сынып	Сыныпша	Ерекшелік		
1	2	3	4	5	6

Түскен жиыны \_\_\_\_\_

(цифрмен және жазумен)

Бас бухгалтер \_\_\_\_\_  
(қолы)

**ЖББ нысан (1ЖББ-СУБВ нысан), 1ЖБЕ нысан (1ЖБЕ-СУБВ нысан)**

*Ескерту: Нысандар алынып тасталды - ҚР Қаржы министрінің  
2003 жылғы 18 желтоқсандағы N 430 бұйрығымен.*

N 11-нысан

**N Өзара есеп айырысу жөнінде хабарлама \_\_\_\_\_**

*Ескерту: Нысан алынып тасталды - ҚР Қаржы министрінің  
2003 жылғы 18 желтоқсандағы N 430 бұйрығымен.*

N 1-нысан

**Бас журнал кітабы**

19 \_\_\_\_\_ жылға арналған

(оң жағы)

----- а й ы

Уақыты Мемориаль. Мемориаль. Синтетикалық шоттар бойынша айналымдар  
(айы, дық ордер. дық ордер \_\_\_\_\_

күні) дің нөмірі бойынша

N011 шот !

!

с о м а

!

!

! !  
дебет! кредит!дебет! кредит!дебет!кредит

та б л и ц а н ы ң ж а л ғ а с ы

Синтетикалық шоттар бойынша айналымдар

N шот ! N шот ! N шот ! N шот ! N 019 шот  
! ! ! !  
дебет! кредит!дебет! кредит!дебет! кредит!дебет! кредит!дебет!кредит

та б л и ц а н ы ң ж а л ғ а с ы

-----  
N 0 2 0 ш о т  
-----  
д е б е т ! к р е д и т

Нысанның жалғасы

(оң жағы)

Синтетикалық шоттар бойынша айналымдар

N 040 шот ! N 043 шот ! N 051 шот ! N 052 шот ! N 061 шот  
! ! ! !  
дебет! кредит!дебет! кредит!дебет! кредит!дебет!кредит!дебет! кредит

та б л и ц а н ы ң ж а л ғ а с ы

Синтетикалық шоттар бойынша айналымдар

N 062 шот ! N 071 шот ! N 072 шот  
! !  
дебет! кредит!дебет! кредит!дебет! кредит

та б л и ц а н ы ң ж а л ғ а с ы

Синтетикалық шоттар бойынша айналымдар

! N 0 9 0

дебет! кредит!дебет!кредит!дебет!кредит!дебет!кредит

№ 4-нысан

**Басқа бюджеттермен есеп айырысу кітабы**

*Ескерту: Нысан алынып тасталды - ҚР Қаржы министрінің  
2003 жылғы 18 желтоқсандағы № 430 бұйрығымен .*

№ 5-нысан

**Кірістер кітабы**

Тақырып \_\_\_\_\_

Санат Сынып Сыныпшы Ерекшелік Кірістер \_\_\_\_\_ бюджетке Жолдардың  
түсетін бюджеттік сыныптама NN  
к о д ы н ы ң а т а у ы

№ 5 ф-нысан

(Қаржы органының атауы)

19 \_\_\_\_\_ жылға

арналған

а й ы

Жолдар Санат Сынып Сыныпша Ерекшелік айдың күні мемор. Санат  
N Мемориальдық ордер N  
ордерлердің  
N N

К р е д и т

Д е б е т

1

2

3

4

5

6

7

8

9

1

0

1

1

			1	2		
			1	3		
			1	4		
			1	5		
			1	6		
			1	7		
			1	8		
			1	9		
			2	0		
			2	1		
			2	2		
			2	3		
			2	5		
			2	6		
			2	7		
28	N	040	шот	бойынша	жиыны	
таблицаның жалғасы						
Сынып Сыныпша Ерек. Сомасы Бір айлық жиыны Жыл басынан бергі Жолдар						
	шелік		дебет	кредит	жиын 1-ші жарты	N
Дебет					жылдықтағы қалдық	

N 8-нысан ЖБ

**"Бюджеттен қаржы бөлу (белгіленген лимиттер)  
және кассалық шығыстар лимитінің есеп карточкасы"**

*Ескерту: N 8-нысан ЖБ алынып тасталынды - ҚР Қаржы министрлігінің 1999 жылғы 25 маусымдағы N 323 бұйрығымен .*

Қазақстан Республикасы  
Қаржы министрлігінің  
1998 жылғы маусымдағы N 288  
бұйрығымен бекітілген  
Жергілікті уәкілетті органдарында  
жергілікті бюджеттердің  
атқарылуының бухгалтерлік есебі  
жөніндегі нұсқаулыққа

N 2-қосымша

*Ескерту: N 2 қосымша өзгертілді, толықтырылды - ҚР Қаржы министрлігінің 1999 жылғы 25 маусымдағы N 323 бұйрығымен , 2003 жылғы 18 желтоқсандағы N 430 бұйрығымен .*

**Жергілікті бюджеттердің атқарылуының негізгі операциялары жөніндегі Шоттардың корреспонденциясы**

N р/р	Операциялардың мазмұны	Шифр дебет бойынша	шоттардың кредит бойынша
1	2	3	4
<b>I. Шығыстар бойынша операциялар</b>			
1	Қазынашылықтың аумақтық органдары есебінің н е г і з і н д е	020	011
2	Банктерге ұзақ мерзімді несиелер б о й ы н ш а б е р е ш е к т е р і н	020	011
3	Ұзақ мерзімді несиелер бойынша т ө л е н г е н п р о ц е н т т е р	020	011
3-1	Жетіспеушіліктердің, ақша қаражатын ұрлау с о м а с ы н ж е р г і л і к т і б ю д ж е т т е р д і ң ш ы ғ ы с т а р ы н а есептен шығару	020	061
<b>II. Кірістер бойынша операциялар</b>			
4	Қазынашылықтың аумақтық органдарында кірістердің ж е р г і л і к т і б ю д ж е т т е р д і ң е с е б і н е т ү с у і		040
5	Есепті айда жергілікті бюджеттердің шотына т ү с п е г е н к і р і с т е р д і ң с о м а л а р ы н о б л ы с т ы қ б ю д ж е т т е р д і ң қ о с а л қ ы ш о т т а р ы н ы ң к і р і с т е р і н е ж а т қ ы з у	019	040
6	Есепті айдан кейінгі айда жолдағы деп есептелген с о м а л а р д ы ң о б л ы с т ы қ б ю д ж е т т і ң е с е б і н е т ү с у і	011	019
7	Артық түскен кірістерді қайтару	040	011
8	Кірістердің бір түрі бойынша артық төлемдерді к і р і с т е р д і ң е к і н ш і т ү р і б о й ы н ш а ж е т і с п е у ш і л і к к е т ө л е у г е е с е п т е у	040	040
9	Шаруашылық жүргізуші субъектілерден және екінші д е ң г е й д е г і б а н к т е р д е н ж е р г і л і к т і б ю д ж е т т е р д і ң ш о т т а р ы н а н е с и е л е р т ү с у і	011	043

10	Жергілікті бюджеттердің шаруашылық жүргізуші субъектілер мен екінші деңгейдегі банктерге несиелерді қайтару	043	011
----	-------------------------------------------------------------------------------------------------------------	-----	-----

**III. Есеп айырысу бойынша операциялар  
Республикалық бағыныстан жергілікті бағынысқа  
б е р г е н к е з д е**

11-20. <\*>

*Ескерту: 11-20-жолдар алынып тасталды - ҚР Қаржы министрлігінің 2003 жылғы 18 желтоқсандағы N 430 бұйрығымен .*

**Жетіспеушіліктер жөніндегі есеп айырысулар**

21	Анықталған жетіспеушіліктердің, ақша қаражатының сомасы	061	011
22	Жетіспеушіліктерді, ақша қаражатын ұрлауды өтеуге жергілікті бюджеттің бюджеттік шотына соманың түсуі	011	061

**IV. Субвенциялар мен бюджеттік несиелер бойынша операциялар**

23	Қазақстан Республикасының республикалық бюджетінен субвенцияларды алу	011	040
24	Жоғары тұрған бюджеттен төмен тұрған бюджетке субвенцияларды аудару	020	011
25	Республикалық бюджеттен бюджеттік несиелерді алу	011	051
26	Бюджеттік несиелер бойынша берешектерді өтеу үшін республикалық бюджетке аудару	051	011
27	<i>(Жол алынып тасталды - ҚР Қаржы министрлігінің 2003 жылғы 18 желтоқсандағы N 430 бұйрығымен . )</i>		
28	Қаржы органының құқық берілген басшысының шешімі негізінде төмен тұрған жергілікті бюджеттерге бюджеттік несиелерді беру	052	011
29	Төмен тұрған жергілікті бюджет берген бюджеттік несиелерді өтеу үшін түсуі	011	052
30	Жоғары тұрған бюджеттен бюджеттік несиелерді алу	011	052
31	Бюджеттік несиелер бойынша берешектерді өтеу үшін жоғарғы тұрған бюджетке аудару	052	011
32	<i>(Жол алынып тасталды - ҚР Қаржы министрлігінің</i>		

2003 жылғы 18 желтоқсандағы N 430 бұйрығымен . )

**V. Шоттардың жылдық қорытындысы бойынша операциялар**

33 "Бюджеттің атқарылу нәтижелері" шотына есептен  
шығару

а) кірістердің есепті қаржы жылына түскенін; 040 090

(б-в тармақшалар алынып тасталды - ҚР Қаржы министрлігінің

2003 жылғы 18 желтоқсандағы N 430 бұйрығымен . )

г) кассалық шығыстардың есепті жылда  
жүргізілгенін; 090 020

(д-е тармақшалар алынып тасталды - ҚР Қаржы министрлігінің

2003 жылғы 18 желтоқсандағы N 430 бұйрығымен . )